«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы» МКҚК
Қамқоршылық кеңесі отырысының
№3 ХАТТАМАСЫ

Өтікізілген күні: «26» ақпан 2026ж

КҮН ТӘРТІБІ:

1. «Мейірімділік және қайырымдылық» әлеуметтік акциясын ұйымдастыру және өткізу: балалар бойында адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру.
2. Тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау мен нығайту үшін жағдайлар жасау мәселесін кешенді тексеру: Ыстық тамақтың сапасына, дайындалу технологиясына қоғамдық бақылау жасау. Перспективтік және күндізгі тағам мәзірін (меню) заңдылықтарға сай талдау. Азық-түлік өнімдерін сақтау шарттарын, қоймалардың санитарлық күйін бағалау.
3. Балабақшаның ағымдағы проблемаларын талдау, материалдық базаны дамыту стратегиялары мен алдағы перспективаларын айқындау.

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Д.Лиманова сөз алды. Ол ақпан айына жоспарланған «Мейірімділік және қайырымдылық» акциясының мақсаты — балаларға кішіпейілділік пен жанашырлықты үйрету екенін айтты. Акция аясында балабақшадағы көпбалалы немесе әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасылардың балаларына, сондай-ақ аз қамтылған отбасыларына мүмкіндігінше қолдау көрсету шаралары (ойыншықтар, кітаптар жинау) ұйымдастырылатынын жеткізді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша балабақшаның диетбикесі М.Джалимбетова және қоймашы Б.Имангазина сөз алды. Диетбике балалардың тағам мәзірі бекітілген 10 күндік перспективалық мәзірге толық сәйкес келетінін, балалардың жасына қарай калория мөлшері, дәрумендер мен минералдардың теңгерімі сақталғанын мәлімдеді.
Қоймашы азық-түліктердің (ет, сүт өнімдері, көкөністер) тек сенімді жеткізушілерден, сапа сертификаттарымен қабылданатынын және тоңазытқыштардағы температуралық режимнің күнделікті журналға тіркеліп отыратынын айтты. Қамқоршылық кеңесінің тексеру тобы да ас үйге жүргізген мониторинг қорытындысын оқып, тазалықтың жоғары деңгейде екенін растады.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Ж.А.Курманова сөз сөйледі. Ол ағымдағы қысқы кезеңдегі жылу жүйесінің тұрақтылығын, топтардағы ауа температурасының нормаға (+20°С...+22°С) сай екенін айтты.

Кеңес мүшесі К.З.Убайдулина: «Біз ас үйді өз көзімізбен көрдік. Ыдыс-аяқтардың жуылуы, тамақтың уақытылы дайындалуы өте жақсы. Балалар

тамақты тәбетпен жейді. Қайырымдылық акциясын да толық қолдаймыз, өз үлесімізді қосамыз».

Балабақша меңгерушісі Ж.А.Курманова: «Балалардың денсаулығы тікелей тамақ пен тазалыққа байланысты. Диетбикеге күнделікті тағамнан сынама (проба) алуды және оны 48 сағат бойы арнайы тоңазытқышта сақтауды қатаң қадағалауды тапсырамын.

ҚАУЛЫ:

1. «Мейірімділік және қайырымдылық» акциясын өткізу мақұлдансын. Ұйымдастыру жұмыстары ата-аналар комитетіне тапсырылсын.
2. Тәрбиеленушілердің ыстық тамағының сапасы, мәзірдің сақталуы және азық-түліктің қоймада сақталу шарттары бойынша жүргізілген тексеріс қорытындысы «өте жақсы» деп танылсын. Санитарлық талаптарды одан әрі қатаң сақтау диетбике мен ас үй ұжымына міндеттелсін.
3. Анықталған материалдық-техникалық мұқтаждықтарды (ойыншықтар, көрнекіліктер) шешу үшін даму стратегиясына сәйкес тиісті шаралар қолданылсын.